**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**Қаракемер селосы** **30.09.2024ж**
**Ынтымақтастық 1**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.27.08 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 27.08 № 32 н/қ бұйрығының негізінде 2024 жылдың 02-30.09 аралығында мектеп-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 27.08 № 32-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Ескалиева Бакыт Мубараковна | Мектеп-балабақша директоры, комиссия төрағасы |
| 2 | Карабатырова Улсекер Батырхановна | директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 3 | Досқалиева Гүлжайна Қайырбайқызы | директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі |
| 4 | Қалиева Ақмарал Еркінғалиқызы | мектеп-балабақша психологі ,бастауыш класс мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 5 | Оспанова Айнагул Кармысовна | әлеуметтік педагог м.а., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі |
| 6 | Ниязова Айнур Жоламановна | балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі, |
| 7 | Турлыбаева Гулсим Амангелдиевна | МАД тәрбиешісі, комиссия мүшесі |
| 8 | Узакбаева Сайгул Ибраевна | бастауыш класс мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 9 | Сагиданова Гулнар | мектеп-балабақша кітапханашысы, комиссия мүшесі |
| 10 | Сағиданова С.Қ. | мектеп-балабақшаның есепшісі,комиссия мүшесі |
| 11 | Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы | мектеп-балабақша директорының шарушылық меңгерушісі,комиссия мүшесі |

Комиссия құрамы мектеп-балабақшаның қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады

| 1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы |
|---|
| **Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**<br>«Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Қаракемер мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br>0309, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі, 1 ғим. |
| **Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**<br>**Телефон: 8 (71336) 73-2-00; 73-2-00 факс**<br>Электронды почта: karakemer.mbb@mail.ru; сайты karakemer.uil-roo.edu.kz |
| **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**<br>Ескалиева Бакыт Мубараковна, «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі»ММ-нің 2020 жылғы 10 ақпан №82 бұйрығымен мектеп-балабақша директоры болып тағайындалған. ұялы телефоны: 87026294267 |
| **Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**<br>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 22.05.1997 жыл, БСН-970540000602. **Құрылтайшысы**: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп-балабақша жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы30 желтоқсан №490 қаулысымен бекітілген |
| **Рұқсат етуші құжаттар**<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 21.10.2021 жылы №KZ13RVK00036725 берілген.<br>«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 08.06.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ06LAA00031230 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген. |
| **2.Кадрлық құрамға талдау** |
| ***Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;***<br>**2022-2023 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2022-2023 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 20 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 20 педагог ішінде: санаты жоқ -7, «педагог-модератор»-7, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-1. Педагогтердің сапалық құрам-30**%.**<br>Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **4.** «педагог-сарапшы» –2, «педагог-модератор»–2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–**50%-**ды құрап отыр.<br>Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **16**. Оның ішінде, «педагог»–**7,** «педагог-модератор»–5, «педагог-сарапшы»–3, «педагог-зерттеуші»–1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы-**30%-**ды құрайды, талапқа сәйкес деп бағаланады.<br><br>**2023-2024 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2023-2024 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 19 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 19 педагог ішінде: санаты жоқ -7, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-1. Педагогтердің сапалық құрам-**32%.**<br>Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **4.** «педагог-сарапшы» –2, «педагог-модератор»–2. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–**50%-**ды құрап отыр.<br><br>Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне |

сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **15**. Оның ішінде, «педагог»-**7,** «педагог-модератор»-4, «педагог-сарапшы» – 3, «педагог-зерттеуші» – 1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы **-33%-**ды құрайды, талапқа сәйкес деп бағаланады

**2024-2025 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында *2024-2025 оқу жылында* мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 18 педагог (оның ішінде 1психолог, 1 тәлімгер, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарады. 18 педагог ішінде: санаты жоқ -6, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-5, «педагог-зерттеуші»-1. Педагогтердің сапалық құрам-**33%.**

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **4.** «педагог-сарапшы» –3, «педагог-модератор»–1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам–**75%-**ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **14**. Оның ішінде, «педагог»-**6,** «педагог-модератор»-5, «педагог-сарапшы»-2, «педагог-зерттеуші» – 1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы **-33%-**ды құрайды талапқа сәйкес деп бағаланады

**2024-2025 оқу жылы.** Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі бойынша білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді.Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 4 мұғалім**. Оның ішінде - “ “педагог-сарапшы” -2 мұғалім, “педагог-модератор” -2 мұғалім. Сапалық құрам – **100 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 30%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни** 5-9, сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - **16.** . Оның ішінде, «педагог»–**7,** «педагог-модератор»–5, «педагог-сарапшы»–3, «педагог-зерттеуші»–1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы **-56%-**ды құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 30%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Ескерту: 2022 – 2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының** кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына тәлімгер, әлеуметтік педагог пен педагог - психолог енгізілді. Себебі, қазақ тілі мен әдебиеті және бастауыш сыныптарда жүктемелері болғандықтан.

Гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі – 6. Оның ішінде “педагог-модератор” – 3, педагог-3 мұғалім. Оның ішінде 2 педагог 3 жылға дейінгі жас маман, 1 педагог кезекті аттестацияға декреттік демалыста отырғандықтан бара алмай отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін - 30%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады. Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ-де педагогтер саны – 18, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – **14**; қайта даярлау курсынан өткен педагогтер – **3** (А.Жеңісова, Ә.Бақытова, Н,Нурекеш);

Магистр дәрежесі бойынша **-1** педагог, ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 3. Сапалық құрам – **83%.**

***Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;***

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

| Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Жалпы еңбек өтілі | Пед. еңбек өтілі | ББҰ басшысының орынбасар | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|
| Ескалиева Бакыт Мубараковна | Мектеп-балабақша директоры | 36 жыл | 36жыл | 6 жыл | «педагог-зерттеуші» санатты №161 бұйрық, 28.08.2020 ж **ББҰ басшысы: №744.** 24.12.2021 ж |
| Каарабатырова Улсекер Батырхановна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | 13жыл | 13жыл | 7 жыл | "Педагог-сарапшы" №742 бұйрық 24.12.2021 ж **ББҰ басшы орынбасары:** "3 біліктілік" санаты **№383.** 04.08.2021 ж |
| Досқалиева Гүлжайна Қайырбайқызы | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | 16 жыл | 16жыл | 6 жыл | Педагог-сарапшы" №742 бұйрық 24.12.2021 ж **ББҰ басшы орынбасары:** "3 біліктілік" санаты **№799. 02.11.2022 ж** |

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өтуі талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

***Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған.

**2022-2023 оқу жылында** 1 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер(тізім бойынша) аттесттатаудың I және II кезеңінен «педагог-модератор» - 1 өткізілген.

**2023-2024 оқу жылында** 1 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 1. Аттесттатталушы педагог II кезеңнен портфолиосы өтпей біліктілік санатын ала алмаған.

**2024-2025 оқу жылында** аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растауға 6 педагог біліктілік санатын алуға өтініші білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер (тізім бойынша) аттесттатаудың I және II кезеңінен «педагог-сарапшы», «педагог-модератор» - 4 өткізілген. 2024 жылдың жазында өтініш берілген. Қаракемер мектеп-балбаақшасының» КММ-де 2024-2025 оқу жылында 6 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 3 педагог, «педагог-сарапшы» санатына – 3 педагог. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі педагогтің цифрлық профилі –Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰББДҚ) ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері қаралды. Нәтижесінде өтініш білдірген педагогтердің біреуі электронды деректері, яғни «педагог-сарапшы» санатына үміткер Б.Калиев I кезең бойынша шекті балл жинай алмауынан өзінің өтініш берген санатынан бір саты төмен «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

**Зерделеу нәтижелері:** 2022-2023,2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

**2022-2023 оқу жылында** оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін деңгейде көрсете алды.

- «Кең дала» олимпиадасы, аудандық Мақтау қағазы, **Жаңабаев Төлеби Бекзатұлы-** Аудандық, қол күрестен ұлдар арасында 2-орын, **Еркінов Жантөре-** Аудандық, қол күрестен ұлдар арасында 1-орын , **Бақытов Ерасыл-** Аудандық, қол күрестен ұлдар арасында 2-орын, **Дусупов Оразәлі -** Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 3-орын, **Балғазы Инабат-** Аудандық, қол күрестен қыздар арасында 1-орын, **Аққұс Нұрбақыт**

- Аудандық, қол күрестен ұлдар арасында 3-орын, **Серікбаев Алтынбек-** Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 2-орын , **Еркін Нұрбол-** Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 1-орын - «Ақбота» зияткерлік олимпиада, республикалық 2-орын , **Бекзатұлы Ердәулет**

- Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 3-орын , -«Ақбота» зияткерлік олимпиада , республикалық 3-орын ,**Елемесов Дінмұхаммед-** Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 3-орын -Бастау олимпиадасы, аудандық Мақтау қағазы - «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы республикалық 1-орын ғ **Кенжебаев Нұртілек-** Аудандық, қазақ күресінен ұлдар арасында 2-орын **Күмісқали Кәусар- «**Ақбота» зияткерлік олимпиада 2-орын,**Қайранбаева Еркеназ**

- «Кенгуру» олимпиадасы 1-орын ,**Жолдасғалиева Кәусар-** «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы ,

республикалық 1-орын ,- «Зерде» ғылыми жобасы, аудандық 3-орын ,**Еламанова Нұрайым**
- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, республикалық 1-орын ,**Серікқалиқызы Гүлназ**
- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, республикалық 2-орын,**Бауыржанқызы Нұрай**
- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы, республикалық 2-орын,- «Үздік бастауыш сынып оқушысы» республикалық 2-орын иеленді.

**2023 – 2024 жж оқу жылында** оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін деңгейде көрсете алды.
**Атыраубаева Айкөркем-** «Ақбота» зияткерлік олимпиада, республикалық 3-орын ,**Аққұс Сымбат-** М.Жұмабаев оқулары аудандық кезең 2-орын ,- Аудандық, қол күрестен қыздар арасында 3-орын ,**Жолдасғалиева Назира Есенгелдіқызы-** Республикалық І. Жансүгіров оқулары, облыстық кезең 2 дәрежелі диплом,- І. Жансүгіров оқулары аудандық кезең 1-орын
**Жақсылыққызы Альмира-** «Зерде» ғылыми жобасы, аудандық 1-орын ,- Республикалық «Тарих ата» олимпиадасы 3-орын ,**Таңжарбай Аңсар Асыланұлы ,-** «Ұлы Жеңістің қаһармандары» аудандық дебат, Алғыс хат ,**Бахитов Ералы Бауыржанұлы-** Қазақстан тарихы олимпиада, аудандық 1-орын ,**Күмісқали Раяна-** «Зерде» ғылыми жобасы аудандық бойынша 3-орын ,**Мұханбетқали Мадияр Замирұлы,-** «Зерде» ғылыми жобасы аудандық бойынша 3-орын ,**Сұлтан Баян-** Қазақ тілі мен әдебиеті олимпиадасы аудандық кезең , мақтау қағазы

| Оқу жылы | Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2022 -23 | 17/14 | 3 | 4 | 2 | | | 1 | 2 | 2 | |
| 2023-24 | 9/4 | 1 | 1 | | | 1 | | | | 1 |
| 2024-25 | | | | | | | | | | |

2022 – 2023 оқу жылында **7-8 сынып оқушылары арасында аудандық математика, химия,** физика, **биология және информатика пәндерінен Юниор олимпиадасы: Аудандық Мақтау қағазы -1**

2023 – 2024 оқу жылында Республикалық 7-8 сынып оқушылары арасындағы жаратылыстану математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасы аудандық кезеңі бойынша :

- ✓ информатика 3 орын Жақсылықызы Альмира

| Оқу жылы | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2022 – 2023 | | | 1 | | | | | | |
| 20223– 2024 | | | | | | | | | |

Достық – 2023 олимпиадасында аудандық кезеңде жүлделі 3 орынға ие болған Серікқалиқызы Жаннұр.

| Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 3 | | | 1 | | | | | | |

***Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.***

*Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.*

**2022-2023 оқу жылында** Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Қаракемер мектеп-балабақшасы 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2019 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

*2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.*

*Тарғынов Қ –**жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.***

***2022-2023 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 9 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.***

| ***Оқу жылы*** | ***Барлық педагогтер*** | ***Базалық курс*** | ***Инклюзив бойынша*** | ***Педагогтердің IT құзыреттілігін арттыру*** |
|---|---|---|---|---|
| ***2022-2023 о.ж*** | ***20*** | ***19*** | ***6*** | ***0*** |
| ***2023-2024 о.ж*** | ***19*** | ***18*** | ***1*** | ***0*** |
| ***2024-2025 о.ж*** | ***18*** | ***17*** | ***8*** | ***0*** |

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 1. Музыка пәннің мұғалімі Қ.Тарғынов. Еңбек өтілі ағымдағы 2024-2025 оқу жылында 5 жыл толғандықтан қазан айында өтетін базалық курстан өту жоспарына салынды.

| Оқу жылы | Мектеп диреторы | Директордың оқу ісі орынбасарлары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 | Ескалиева Бақыт 15.06.2023ж "Мектептегі басқарудағы инновациялық менеджмент" 430 сағат Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. | Карабатырова Улсекер 17.02.2020ж "Көшбасшылық және шағын жинақты мектепті басқару" 430 сағат Педагогикалық шеберлік орталығының Орал қ, филиалы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | филиалы | | |
| 2023-2024 | | | Досқалиева Гүлжайна 19.04.2024ж ""Білім берудегі менеджмент" білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру" 80 сағат Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтөбе қ. филиалы |

**3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:**

**деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**

| № | контингенттің құрылымы | 2022-2023 | | 2023-2024 | | 2024-2025 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпы сынып саны | оқушылар саны | жалпы сынып саны | оқушылар саны | жалпы сынып саны | оқушылар саны |
| 1 | Қаракемер мектеп-балабақшасы | 8 | 61 | 8 | 57 | 8 | 55 |

Қаракемер мектеп-балабақшасы жылма жыл білім алушылардың келуі бойынша өсім жоқ. Қаракемер мектеп-балабақшасына қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірллері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ Қаракемер мектеп-балабақшасында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы негізгі орта білім беру сыныптарында 2022-2023 оқу жылында 2 білім алушы, 2023-2024 оқу жылында 1 білім алушы және 2024-2025 оқу жылдарында денсаулығына байланысты 1 білім алушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған.

2022-2023 оқу жылында 1-9 кластарда 8 класс жиынтығында 61 білім алушы оқыған , 2023-2024 оқу жылында 8 класс комплектіде 57 білім алушылар контингентін құрады. 2024-2025 оқу жылында 8 класс комплектіде 55 білім алушылар контингентін құрады. Сыныптардағы оқушылардың толымдылығына бала санының жетпеуіне байланысты 2022-2023 оқу жылында 6-7-сынып біріктірілген. 2023-2024 оқу жылында 2-3-сынып біріктірілген. 2024-2025 оқу жылында 2-3-сынып біріктірілген.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Қаракемер мектеп-балбаақшасы бойынша
2022-2024 оқу жылындағы контингент қозғалысы

| Оқу жылдары бойынша | Барлығы | | 1-4 сыныптар | | 5-9 сыныптар | | Оқушы саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | келді | кетті | келді | кетті | келді | кетті | |
| 2022-2023 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 61 |
| 2023-2024 | 0 | 2 | 0 | 1 | 0 | 1 | 57 |
| 2024-2025 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 0 | 55 |

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

## 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

***Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:***
***-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;***
***Зерделеу барысында:***
2022 - 2023 оқу жылында Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында -61 оқушыға білім берілген.
2023 - 2024 оқу жылында Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында -57 оқушыға білім берілген.
2024 - 2025 оқу жылында Қаракемер мектеп-балабақшасы» КММ контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында -55 оқушыға білім берілген.

2022-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы; Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) (1,6-қосымшасы). Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен), (9-қосымшасының 8-тарауы. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары), 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы м 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 № 27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **1-4 қазақ** кластар үшін **1-қосымша, ал** ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 №323 бұйрығымен енгізілген өзгертулердің) **5-9** кластар үшін **6-қосымшалары басшылыққа алынып** оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 1-9-сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алады.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген.
***Сабақ кестесі:*** 2022-2023 оқу жылына сабақ кестесі Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.
***2022 - 2023 оқу жылында*** контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **61 білім алушы** оқиды.
2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген

өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

***2022-2023 оқу жылында*** бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесінде 238 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 142,5 сағат, барлығы 238 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

***Сабақ кестесі:*** 2023-2024 оқу жылына сабақ кестесі Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «BilimClass» арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.

***2023 - 2024 оқу жылында*** контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **57 білім алушы** оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

***2023-2024 оқу жылында*** бастауыш білім беруге 84,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, барлығы 239,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Сабақ кестесінде 239,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

***2024 - 2025 оқу жылында*** контингент 1-9 сыныпта 8 класс жиынтығында – **55 білім алушы** оқиды. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2024 ж 08.02. №27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

***2024-2025 оқу жылында*** бастауыш білім беруге 84,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, барлығы 239,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2024-2025 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесінде 239,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

***Жалпы қорытынды*:** Жалпы 2024-2025 жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, 2022-2023 оқу жылында электронды «kyndelik kz» 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында электронды «BilimClass» пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

***жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***

**2022-2024 оқу жылында.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2018 жылғы 17 қазандағы №576 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

5-9 сыныптарда білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы) бекітілген білім берудің мемлкеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына **1 қосымша**, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес бекітілген **6 қосымша**мен жүргізіледі.Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қолданады.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2024 ж 08.02. №27 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) басшылыққа алынған.

**Талдау нәтижесі:** Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі жалпы білім беру бағдарламаларының денгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары жане сабак кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оку аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты жане вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты жане вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, 2022-2023 оқу жылы «kundelik.kz», 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «BilimClass» журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. 2022-2023 оқу жылы «kundelik.kz», 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында «BilimClass» журналын тексергенде журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

***-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтардысіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және

жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2022– 2023 оқу жылында мектеп балабақша директорының 2022 жылдың 31 тамыз №36\1 - н/қ бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 **оқу жылдары** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары , Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және

мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениеттідәріптеу;
**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары
**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.
**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды; - Достарын, сыныптастарынсыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.
**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаменжұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.
**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығынсақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді; - Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.
Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие бағытында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасына өзгерістер енгізілуіне байланысты Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына

өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық
бірлік және ынтымақ
әділдік және жауапкершілік
заң және тәртіп
еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

**2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған.**

***karakemermektep*** **инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген.** Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Мейірім» ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Бәйтерек» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Серілер» ер балалар клубы, «Ай Керим» қыз балалар клубы, өзін өзі басқару патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, «Қыран» жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 22 қыркүйек күні Мектеп парламентінің сайлауы болып, мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары

жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасаралары мен сынып жетекшілерге қосымша пайдалануға арналған «Қазіргі заман мектептеріндегі тәрбие жұмысының мазмұны және оны ұйымдастыру жолдары» және *«Өрт қауіпсіздік ережелері »* әдістемелік көмекші құралдары шығарылған.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, бірнеше шаралар, жиындар өткізілді. Жас Ұлан ұйымына қабылданып, өз шеберліктерімен, жауапкершілігімен көрінген белсенді оқушылар Алғыс хатпен марапатталған.

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

| Жылдар | Жас қыран | Жас Ұлан |
|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 23 | 33 |
| 2023-2024 оқу жылы | 26 | 31 |

**2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары** бойынша *мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі* бойынша 1- әлеуметтік педагог,1- педагог - психолог қызмет атқарады . Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты,білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі гимназияның төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

5-ші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді. 5-сынып оқушыларының бейімделуіне диагностика бағдарламасына төмендегі әдістемелер алынды. Жағдайлық үрей шкаласы(Кондаша әдістемесі), «Мектепке қарым-қатынасым» сауалнама, Социометрия әдістемесі, «Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау» (Н.Г. Лусканова) , «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың бейімделу деңгейлері қалыпты .







| Мектеп атауы | Сыныбы, бала саны | Лидер | Лидерге бейім | Топқа қабылданған | Оқшауланған |
|---|---|---|---|---|---|
| Қаракемер МББ | 5 кл 7 бала | 2 | 3 | 2 | 0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Қаракемер МББ | 6 кл 8 бала | 3 | 3 | 2 | 0 |
| Қаракемер МББ | 7 кл 6 бала | 2 | 2 | 2 | 0 |
| Қаракемер МББ | 8 кл 7 бала | 2 | 3 | 2 | 0 |
| Қаракемер МББ | 9 кл 7 бала | 1 | 3 | 3 | 1 |
| **Барлығы:** | 38 | 11 | 11 | 12 | 1 |

**Реактивті тұлғалық мазасыздықты анықтау әдістемесі(Спилберг Ю.Ханиннің)**

| № | Мектеп атауы | Сыныбы | Жағдайлық мазасыздық | | | Тұлғалық мазасыздық | | | Түзету – дамыту жұмысының саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | төмен | біркелкі | жоғары | төмен | біркелкі | жоғары | |
| | **Қаракемер МББ** | 8 кл 7 бала | 2 | 5 | 0 | 1 | 6 | 0 | 1 |
| | | 9 кл 7 бала | 1 | 4 | 0 | 0 | 4 | 0 | 1 |
| | **Барлығы** | Қатысқаны: 13 | 3 | 10 | 0 | 2 | 1 | 0 | 21 |




«Педконсилиум – оқушы тұлғасының айнасы» 5-сынып бойынша

Таным процесі: Ойлау

Таным процесі: Ойлау




Өзін – өзі бағалау әдістемесі




**5 сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар мен сауалнамалар нәтижесі**

2023-2024 оқу жылында 5- сыныпқа 7- оқушы қабылданды. Оның ішінде 4-қыз бала, 3-ұл бала.

Сынып жетекшісі: Жеңісова Ақбаян

**Сауалнама алынған күні:** 20.10.2023 ж.
**Мақсаты:** Оқушылардың күшті жақтары мен қиындықтарын анықтау.

**Жүру тәртібі:** Төменде аталған жауаптардың әрқайсысын оқып шығыңыз және әрбіреуі бойынша Сіздің жауабыңызға сәйкес келетін ұяшықтарды белгілеңіз («Дұрыс емес», «Дұрыс десе де болады», «Дұрыс»). Әрбір сұраққа, егер тіпті жауабыңызға толықтай сенімді болмасаңыз да немесе сұрақ оғаш болып көрінсе де, жауап беруге тырысыңыз.

**5-сынып бойынша**

| **№** | **Аты-жөні** | **Әлеуметтік мінез-құлық** | **Гиперактивтілік** | **Эмоционалдық мәселелер** | **Мінез-құлқының мәселелері** | **Құрдастарымен проблемалар** | **Проблемалардың жалпы саны** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аққұс Нұрдәулет | **8** | **3** | **1** | **1** | **1** | **0** |
| 2 | Атыраубаева Айкөркем | **8** | **1** | **2** | **0** | **2** | **0** |
| 3 | Қайранбай Еркеназ | **8** | **1** | **4** | **0** | **3** | **10** |
| 4 | Еркін Нұрбол | **10** | **5** | **9** | **3** | **6** | **9** |
| 5 | Күмісқали Кәусар | **7** | **0** | **1** | **0** | **8** | **0** |
| 6 | Ернарұлы Мират | **9** | **2** | **0** | **3** | **4** | **0** |
| 7 | Серікқали Жанерке | **7** | **2** | **0** | **4** | **3** | **0** |

2022-2023, **2023-2024,2024-2025 оқу жылдары** бойынша *мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі* бойынша 1- әлеуметтік педагог қызмет атқарады . Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2022-2023 оқу жылында Отбасы саны 28 болған. Көпбалалы отбасы - 19, толық емес отбасы саны -2, әкесі қайтыс болған – 0, анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны – 0, аз қамтылған отбасы – 1, білім алушы - 4 , жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын –0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2023-2024 оқу жылдпры бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде,мектепішілік есепте тұрғандар -0, мектепішілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-1. 2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 17, толық емес отбасы саны -2, әкесі қайтыс болған – 0, анасы қайтыс болған – 0, аз қамтылған отбасы – 1, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар -0, 2024-2025 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 16, толық емес отбасы саны -2, толық отбасы-14, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепішілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-1.

2023-2024 оқу жылы барысында республикалық “Мектепке жол” акциясы өз жалғасын тапты.Акцияның мақсаты аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылар , жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсету болып табылады.Осы оқу жылында әлеуметтік қолдауды қажет ететін 2 оқушыға демеушілердің атынан көмек берілді.1 оқушыға қаржылай 35000 тг,1 оқушыға заттай мектеп формасы,спорттық киімдер табысталды.Сонымен қатар “Самұрық-Қазына” қорынан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға мектеп сөмкесі мен оқу құралдары берілді.2024-2025 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына және атаулы көмек алатын отбасы балаларына 43 мың теңге көлемінде мектеп формасы, оқу құралдарымен, қамтамасыз етілген.Кәсіпкелік демеушілік атынан 1 оқушыға 30 мың теңге көлемінде мектеп формасы алып берілді. Мектеп асханасынан 33 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023,

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024,2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша -9 сынып жетекші тағайындалған.2020 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорының №52/11-н/қ бұйрығына сәйкес сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 9 сынып жетекшілер тағайындалған. 2022 жылдың 01 кыркүйектегі гимназия директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 72/8-н/қ бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2022 жылдың 1 кыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 72/26-н/қ бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Досқалиева Гүлжайна Қайырбайқызы тағайындалған. 2022-2023 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. 2022 жылдың 28 қаңтар күні Ақтөбе олыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Ата-аналармен атқарылатын жұмыстың тиімді әдістері мен формалары» тақырыбында онлайн форматта ұйымдастырылған облыстық семинарға 3-сынып жетекші,16 ақпан күні өткен облыстық «Класс жетекшілердің қызметін ұйымдастырудағы заманауи әдістері» онлайн семинарға 9-сынып жетекші қатыстырылған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

| Жылдар | Сынып жетекшілер | Жоғары білімді | Арнаулы орта |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 9 | 6 | 3 |
| 2023-2024 оқу жылы | 9 | 7 | 2 |
| 2024-2025 оқу жылы | 9 | 7 | 2 |

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

| Жылдар | Модератор | Сарапшы | Зерттеуші | Шебер | Жоғары, I,II санатты | педагог |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | 3 | 3 | 0 | 0 | 6 | 3 |
| 2023-2024 оқу жылы | 3 | 3 | 0 | 0 | 6 | 3 |
| 2024-2025 оқу жылы | 3 | 3 | 0 | 0 | 6 | 3 |

***білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтін әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;***
2022-2023, 2023 – 2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу». 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты « Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту».
2022-2023 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылына "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында іске асырылады.

***«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы*** бойынша «Мектеп Парламенті» білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Отбасы күніне орай «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет байқауы, «Дені саудың жаны сау» атты эстафеталық сайыс, «Оқушы,Отбасы,Қоғам" атты дөңгелек үстел өтті. Қарттар күніне орай «Көп жасаған қария,ақылы мол дария» атты мектебімізде ардагерлерімізге арналған кеш өтті. Ұстаздар күніне орай «Шын жүректен!» челленджі, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» , «Ұстаз-мектептің жүрегі"» атты мерекелік шара ұйымдастырылған.Сонымен қатар ұстаздар мерекесіне орай ардагер ұстаз Батырғалиева Ақсәуле Еңсегенқызы оқушылармен кездесті. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, әсем ән , мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. Күзгі демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жаңа ақпараттық технологияның маңызы» тақырыбында пікірсайыс өтті.Мектебімізде «Алтын күз» мерекесіне арналған күзгі жәрмеңке өтті.Ұлттық валюта күніне орай «Теңге-Тәуелсіздік келбеті» атты ақпарат сағаты ұйымдастырылды.. Мектеп білім алушыларына арналған "Келдің міне,Жаңа жыл!" атты жаңа жылдық кештер ұйымдастырылды. Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында челлендж ұйымдастырылды.Жыл соңында қорытынды шығарылып, белсендік танытқан оқушылар марапатталды.

***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*** зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанында дебат клубының қызметі клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Клубтың кіші тобына спикерлер қызметі, қарсы сұрақ жауаптар, ойынға сараптама жасаудың түрлері, уақыт төрешінің қызметі, пікір сайыстағы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру, дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына пікірсайыс ережесі туралы, кейсті қалай құру керектігі, тақырыпты анализдеу, проблемалық блок туралы айтылды. Оқушылар пікірсайыс тақырыбын анықтап, пікірсайысшы кейсі, кейс түрлері жайында мәлімет алды. Практикалық сабақтарда кейс дефинициясын, кейс критерийін, кейстің философиясын құру жолдары, кейсті қорытындылау, төрешілік, таймкипер міндеттері үйретілді. Жоспарға сәйкес «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» атты мектепішілік турнир өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды.

2022-2023 оқу жылының 3-тоқсанында дебат клубының қызметі клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Клубтың кіші тобына пікірсайысқа дайындалу кезеңдері және жүйелілік, жаттықтырушы қызметі, төрешілік ету, төреші этикасы, флоушетті толтыру, пікірсайысқа дайындалуда ақпарат құралдарын қолдану, ақпарат құралдарын қолдану мәдениеті, сөздіктер және интернет жүйесін қолдану маңызы, интернет жүйесін қолдану мәдениеті, кейсті құрастыру туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру, дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына пікірсайыс форматтары, ойынға қатысушылардың қызметі, америкалық формат, Карл Поппер форматы, парламенттік формат, британдық парламенттік формат, Линкольн-Дуглас форматы, Президент-Демократ форматы, дебат аргументациясы, дебаттағы контраргументация, пікірсайыс тактикалары, сараптама туралы айтылды. Оқушылар пікірсайыс тақырыбын анықтап, пікірсайысшы кейсі, кейс түрлері туралы білді. Практикалық сабақтарда кейс дефинициясын, кейс критерийін, кейстің философиясын құру жолдары, кейсті қорытындылау, төрешілік, таймкипер міндеттері үйретілді. Жоспарға сәйкес «Мектеп – кеме, білім – теңіз», «Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық!», «Кімге алғыс айтар едің?» атты мектепішілік турнирлер өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында

оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды.

2022-2023 оқу жылының 4-тоқсанында клубтың кіші тобына кейсті қорғау, өзекті тақырыптарды таңдай білу, дебат оқушылардың логикасын дамытудың ролі,Карл Попердің пікірсайыс форматының ерекшелігі, пікірсайыс қызметі, уақытқа төрешілік ету маңыздылығы, ережені сақтау маңыздылығы, өткізілген ойынды саралау туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру, дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына сұрақтың мақсаты мен түрлері, ұтымды жауап беру тактикасы, қарама-қарсы сұрақтар негізі, ақпаратты дұрыс іздеу және тексеру жолдары, ақпараттың сапасына қойылатын негізгі талаптар, «Ми шабуылы» технологиясы», «Әділеттілік» қағидасы және төрешілік әдебі, төрешілік түрлері, шешімге әсер ететін факторлар және топты бағалау, фидбек және төреші парағымен жұмыс, пікірсайысты пән және пән элементі ретінде қарастыру, сабақ барысында пікірсайысты ұйымдастыру, пікірсайысты қазақ тілі мен әдебиет сабағында қолдану, пікірсайысты тарих пәнінде қолдану, пікірсайыстан кейінгі рефлексия және бағалау үйретілді. Жоспарға сәйкес мектепішілік турнирлер өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды. Өткізілген жұмыстар желі бетіне орналастырылды.

**«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының** 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспары құрылып, клуб отырысында президенті болып 9-класс оқушысы Жаңабаев Т., бас төрешісі 9-класс оқушысы Серікбаева Г. сайланды. Клуб мүшелеріне Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Дебат клубының қызметі жыл сайын қыркүйекте клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағы және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алды. Дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделді.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша**

Егеменді еліміздің рухани жаңғыруына, кемелденіп шарықтауына мәдени ошақ – кітапханалар өзіндік үлес қосуда. Бүгінгі таңда кітапхана қоғамның көпфункционалды , көпдеңгейлі, ақпарат таратушы әлеуметтік институты рөлін атқарып отыр. Ұлттық құндылығымызды сақтап, жазба мұраларымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мақсатында тың жұмыстар атқарылуда. Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану – кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырмандар санын толықтырып, мәдени деңгейінің көтерілуіне тиімді әсер етті. Кітапхана дүние жүзінде де, елімізде болып жатқан жатқан іс — шаралардан ешуақытта тыс қалмайды.

Бүгінгі ақпаратты пайдаланушылардың интеллектуалдық деңгейі мен сұраныстары күрделі, мазмұны да өзгерген. **«Оқуға құштар мектеп»** жобасының басты міндеттері төмендегідей:
- оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- оқырмандарды Қазақстан әдебиетіне, тарихына және мәдениетіне қызығушылыққа баулу;
- жоғары адамгершілік, дені сау, шығармашылық ойлау қабілеті бар тұлғаны тәрбиелеу;

**«Оқуға құштар мектеп жобасының»** маңызды бағыты қорды көрмелер арқылы ашу болып табылады. Кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ түрлі айлықтарға арналған түрлі көрмелер рәсімделеді. Қазақ жазушыларының мерейтойларында тақырыптық сөрелер мен кітап көрмелері үнемі безендіріліп тұрды.

Қаракемер мектеп – балабақшасы бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың, ата-аналардың оқу мәдениеттіліктерін дамыту,оқушылардың оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

**«Оқуға құштар мектеп»** 2023 – 2024 жылы кітапхана қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарына сәйкес жұмысын жалғастырды. Оқырман-балаларға қызмет көрсету кезінде баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Іс-шаралар педагогика негіздерін еске отырып ойын түрінде өткізуді, көрнекілікті, танымдық ойындарды, әр баланың өткізілетін іс-шараның тікелей қатысушысы болуына жағдай жасау түрлерін қолдану арқылы жүргізілді. Мектепшілік іс-шаралар құқықтық және экологиялық білімді насихаттайды, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, баланың адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге ықпал етеді, оқырмандардың Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын тудырып, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді. Кітапхананың жұмысында жаңа оқырмандарды, әсіресе мектепке дейінгі жастағы балаларды кітапханаға тартуға мүмкіндік беретін театрландырылған нысандағы іс-шаралар кеңінен қолданады.

Жобаны іске асыру барысында кітапханалар қоры көркем әдебиеттермен толығады, оқушылардың оқу құзыреттілігі артады.

Осы жобаны жүзеге асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыруда әдістемелік нұсқаулық көмек беруге бағытталған. Осы әдістемелік бағдарламаны және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Каринованың 2021 жылғы 26 сәуірдегі «Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективті дамытудың және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын басшылыққа ала отырып, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасалып, бекітілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланды:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылар арасында кеңінен таратылып, жалғасын тапқан іс – шаралардың бірі. Осы орайда «Тоғыз айға – 9 іс – шара» атты тәрбие челлендж шараларын 5-9 сынып жетекшілері өткізді.

Ертегі оқығанды жақсы көретіндер үшін «Ертегілер еліне саяхат» әдеби квесі өтті. Топқа бөлінген балалар «Қалың-қарағайлы орман», «Қасиетті құдық», «Сиқырлы сарай», «Кітаптар лабиринті», «Қазына аралы» атты сиқырлы сөрелерде жасырылған, кітаптарды тауып түрлі тапсырмаларды орындай отырып, кітапханада саяхат жасады.

Дауыстап оқу - балаларды және ата-аналарды іс-шараларға қатысуға ғана емес, сонымен бірге оқу залындағы ерекше қолайлы атмосферада тыңдаушыларды кітапханаға және оқуға тартуға мүмкіндік беретін кеңінен тараған жұмыс түрі. Дауыстап оқудың мақсаты – оқығанды есту және түсіну үшін мұқият тыңдауға немесе белсене оқып ойлануға, оқып сезінуге, оқып өмір сүруге үйрету.

Кітапхана 2024 жылы ақпан айында «Жыр алыбы – Жамбыл» атты тақырыпта кітап көрмесін өткізді. Кітапхана мен мектептің жалпы міндеті-бұл кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеуге ықпал ету болып табылады.

Оқушылар «Көрісу – ежелден келе жатқан қазақ дәстүрі» атты тақырыпта мектепшілік көріністер мен тілектер челленджін ұйымдастырып, «Мыршым» және Соқыр теке» ұлттық ойындарын ойнады, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін еске түсіретін наурыз мерекесіне арналған кітаптармен танысты.

Қыркүйекте 1-9 және қазан айында 5-9 сынып оқушылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткен Сұлтанмахмуд Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам!» атты тақырыпта поэзия минуты өтті,сынып сағаттарында оқушылар мен ата-аналар арасында Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен және қоғамдық – саяси қызметімен танысты. Қараша айында 5-8 сынып оқушылары арасында «Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына» орай портрет кешінде Оралхан Бөкейдің еңбектері жарнамаланды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай танымдық сағаты өткізілді, әңгімелеріне талдау жасалды.

Қаңтар аында 1-4-сынып жетекшілері «Менің сүйікті кітабым» сынып сағаттарын өткізді.Сынып сағаттарда оқушылар өздері оқыған кітаптары туралы айтып, оқушылардың оқыған кітаптарынан көрмелер ұйымдастырды және де кітаптарға талдау жасалды.

**Жыл қортынидысы бойынша:** «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ең үздік класс», «Ең үздік оқырман» номинация иегерлерін марапаттау рәсімі болды. Мектеп мұғалімдері де бұл іс – шараға қатысып, өз кітаптарын таныстырды. Балалар оқуын дамытуға және біздің ауылымызда кітап сыйлау дәстүрін жандандыруға ықпал ету, мектеп кітапханаларына жақсы кітаптарды сыйға тарту және қағазды кітап әлі де болса өзекті сыйлық болып қалатынын және технологиялық ғасырда

да өзінің құндылығын жоғалпайтынын көрсету іс – шараның мақсаты болатын.

***«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы*** бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқықтары туралы конвенция - мен оны білемін бе?», «Кішкентай баланың үлкен құқықтары», ,«Құқықтар мен міндеттер еліне саяхат» құқықық білім беру сабақтары, “Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік” бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Ойыл ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің полиция майоры Шегетаев А «Кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылықтың бірі ретіндегі балалардың қараусыз қалуы, көше кезушілігін алдын-алу шарасына бағытталған іс – шаралар» тақырыбында 5-7 сынып білім алушыларымен кездесу өткізілді.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен келеңсіз оқиғаларды болдырмау мақсатында бірнеше іс шаралар, дөңгелек үстелдер, сайыс сабақтар, қосымша білім беру сабақтары іске асырылды.

2024-2025 оқу жылы жұмыс жоспарлараы жасақталып аталған шаралар атқарылуда.

***«Еңбек – елдің мұраты»-жобасы*** **б**ойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемі»,“Мұндай да мамандық бар”, "Мен кәсіптер әлемінде",«Менің отбасымдағы мамандықтар», «Өмірлік жетістікке жету жолы», «Менің кәсіптік мансабым», «Менің таңдауым», «Мамандық таңдау –жауапты қадам», «Барлық мамандық жақсы-таңдау өзіңде», "Мамандықтың бәрі жақсы", «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Кәсіптік мамандықтар сыр шертеді», «Мамандық таңдау – маңызды шешім», «Кемел ұстаздың дара жолы», “Болашаққа бағдаршам”, «Кәсіби бағдар беру»," Мамандығым - мақтанышым", «Мамандық таңдау - маңызды іс»,«Менің болашақтағы мамандығым»,«Мамандық -өмір таңдауы” ,"Мен таңдаған мамандық", «Мамандық таңдау-маңызды іс» , "Мамандық таңдау-ертеңді ойлау", «Мамандық — өмір таңдауы», "Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл" тақырыптарында сынып сағаттары өткізіліп, сауалнамалар жүргізілген.

2024-2025 оқу жылының кәсіби бағдар жұмыс жоспары құрылған.

***«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»,*** *«Үнем – қоғам қуаты»* жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары «Шебер қолдар» үйірмесінің білім алушылары «ПВХ материалынан үй макетін жасау» атты шебер класс көрсетіп, теріден, сүйектен бұйымдар жасаған, «Сымбат»үйірмесінің білім алушылары қағаздан гүл және тағы басқа бұйымдар жасауды үйренген. «Қайта өңдеу үшін сұрыпта», «Эко сағат бүгінен баста» тақырыптарында бейнематериалдар инстаграм желісіне салынған, “Плоггинг” (жүгіріп жүріп, қоқыс жинау) акциясы,"Таза табиғат" экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы , «Жасыл мекен» челленджі,«Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, “Жердегі өмірдің пайда болуы”,“Табиғат ана не туралы айтып берді?”, “Су-сен өмірсің”,"Экологиялық орта","Біз планетамызды сақтаймыз!!!", "Әлемді қалай сақтаймыз?", " Менің экоүйім және ондағы барлық нәрсе ",«Қызыл кітап – дабыл белгісі», "Табиғатты сақтау-өмірді сақтау", Табиғаттағы құстардың рөлі», "Құстардың табиғаттағы рөлі","Табиғатты аяла","Табиғат тағдыры - адам тағдыры","Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары. Жетісудың экологиялық мәселелері", "Терезедегі жылыжай","Экологиялық мәселелердің түрлері", «Экологиялық кәсіптік бағдарлау», "Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері", « Экология - өмірдің жүрегі! », "Экология және біз", «Біз көппіз - Жер бір!»тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

***«Қоғамға қызмет» жобасы*** бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет «Жер сағаты» экологиялық акция «Түлектердің ағаш егуі» экочеллендж «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция

Көмек көрсетуді ұйымдастыру: - аға буынға

- жануарларға

- қайта өңделген материалдар мен табиғат элементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жем шашар әзірлеу

Ұсынылады:

- ата-аналар қауымдастығын тарту

- Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әрекет ету

Қаракемер мектеп-балабақшасында “Қамқор” жобасы еріктілер қатарында 18 оқушы бар. Олардың 6 ұл 12 қыз бар. Оқушылар 9 айға бөлінген іс-шараның барлығын қамтиды.

**«Жер сағаты» экологиялық акциясы**

Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты карауға бағытталған бастама. Акцияның негізгі элементі – жарық пен басқа электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру

Ұсынылады:

- жыл бойы табиғи ресурстарға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы сыныптан 1 постер шығара отырып іс шаралар өткізу

**«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі**

Республика бойынша мектеп түлектері арасында экочеллендж ұйымдастыру (9 және 11 сыныптар): мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызу

Ұсынылады:

- отырғызылған ағаштарды үнемі қадағалау (қурап қалған ағаштарды ауыстыру, желден байлау, қыста жабу және т.б.

**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы**

Мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды тазалау акциясы (саябақтар, скверлер)

Ұсынылады:

- саябақтарды, скверлерді, ескерткіштерді және басқа да қоғамдық орындарын мектептерге бекіту

- жыл бойы айлар бойынша тазалауға арналған сыныптарды бекіту

***«Балалар және театр» ағартушылық жобасы*** аясында «Театр әлемі» үйірмесі құрылып, Қаракемер мектеп-балабақшасының «Балалар және театр» жобасин 2022-2023 жылға арналған іс-шара өткізілгенін хабарлаймын.Жылдың басында үйірме жұмысымен жоспарын таныстыру. Үйірмеге қатысушылардың тізімін жинақтаумен басталды.Театр үйірмесіне 35 оқушы жинақталып, өз жұмыстарын бөліп алды.

Оқушылармен жоспар таныстырылып, М.Әуезов 125 жылдығына арналған кеште өнер көрсетумен басталды. Оқушылар өз өнерлерін көрініс қою арқылы көрсетті.

**«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»** -атты қарттармен кездесу өтті. Оқушылар онда театрланған қойылып көрсетіп, қарияларды күлдірді. Қазан айында ұстаздар күніне байланысты **«Ұстаз ұлы тұлға»** атты мерекелік тарту өткізілді.Қараша айынан бастап, «Елу жылда ел жаңа» атты жайдарман кеші өткізілді.Сонымен қатар қараша айында « Ертегілер елінде» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін салып, өз өнерлерін көрсетті. Желтоқсан айының шарасы бойынша, «Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік» атты салтанатты жиын өтіп, оқушылар желтоқсан желі атты қойылым қойып, көрермендерді тандандырды.Айдың соңына қарай **«Театрдың ғажайып әлемі»** атты 1-4 сыныптар аралығында сурет байқауы өтті. Оқушылардың көңіл көтеру мақсатындар сынып аралық **«Таланттарды іздейміз»** атты музикалық байқау өткізілді.Сыныптар арасынан өнерлерін көрсеткен оқушыларды марапаттап, өз бағалары берілді. Ақпан айында **«Менің сүйікті ертегім»** атты шығарма сайысы өтті.Оқушылардың ой жүйріктіктерін анықтау мақсатында, 1-5 сыныптар аралығында өткізілді.Наурыз айында өткізілген шара бойынша «Наурыз жыл басы» мерекелік тарту өткізілді.Сонымен қатар наурыз айында **«Көрейікте күлейік»**-атты тамашаланған қойылым өткізілді.

Мамыр айында «Ұлы жеңістің шаттығы» атты сахналанған қойылым өтті. Соңында қорытынды салтанатты жиын өткізіліп, белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

Бала және театр жоба жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша жоғарғы 5-9 сыныптарға құрылған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.Үйірме жұмысына 33 оқушы

қамтылды. Оның 13 ұл, 20 қыз болып табылады.

**Жобаның мақсаты:** оқушыларға эстетикалық,көркемдік адамгершілік,азаматтық тәбие беру. Оқушылардың рухани дүниесін байытып,олардың шығармашылық қабілетін арттыру.

**Міндеті:** әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге,мән мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу.Жек тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру. Актерлық шеберлігін дамыт.

Кестеге сәйкес үйірме 9 айға бөлініп іс-шаралар өткізілді.

**Қыркүйек айы** бойынша "Отбасы бақыт мекені" атты байқау жарияланды. Оқушылар өз деңгейінде қабілеттерін ортаға салып,шығармашылық қабілеттерін шыңдады. 5-9 сынып арасында өткізіліп,алғыс хаттармен марапатталды.

**Қазан айында** "Ұстаз-мектеп жүрегі" атты шығармашылық кеш өтті. Ұстаздар қауымына арналып кеш өтті. Оқушылар әзіл ысқақ қойылымдарымен өз өнерлерін көрсетті.

**Қараша айында** "Сахналық этика деген не?" атты сыныптан тыс іс шара өтті. Оқушыларды сахна этикетіне үйрету,олардың киім киісі,тұрысы, жүрісі сынды этикет сабағы өтті.

**Желтоқсан айында** "Жайдарман" көңілді тапқырлар алаңы болды. 5-9 сынып арасында жайдарман болды. Әр сыныптың дайындығы өте жоғары болды, сонымен қатар 6-сынып бас жүлдеге ие болды, 8-сынып 1орын,5-сынып 2 орын,7-сынып 3 орынмен қанжылағанды. Қалған оқушылар үздік ойыншы сынды номинациялармен марапатталды.

**Ақпан айы бойынша "2 жұлдыз"** атты ән байқауы өтті. Оқушылармен мұғалімдер немесе ата-аналармен шығып өз өнерлерін көрсетті.

**Наурыз айында** " Анашым менің ардағым" сахналық көрініс өтті. Оқушылар аналарын шақырып сахналық қойылым қойып,аналарына жылы лебіздерін арнады.

**Сәуір айында** "Талантты балалар" атты іс-шара өтті. Әр әртісті бейнелеп қойылым қойды. Күлкілі қойылымдар арқылы оқушылардың тың таланты ашылды.

Және сонымен қатар «Ақтөбе – Дарын өңірлік ғылыми – тәжербиелік қосымша білім беру орталығынан облыстық «Тахауи тағлым» атты драммалық қойлымдар байқауында

Сертификат берілді.

**Мамыр айында** қорытынды есеп беру кешін қойдық. **"Жақсылық ізде жүректен"**атты **Мұрагер еріктілер клубымен** бірлесе отырып қайырымдылық есеп беру кешін ұйымдастырдық. Түскен ақшаны қайырымдылыққа жұмсадық.

***Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:***

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркем-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте *азаматтық-патриоттық,ұлттық- спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер* жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

| Жылдар | Мектепішілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны | % | Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны | % | Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны | % |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 62 | 86% | 0 | % | 0 | % |
| 2023-2024 | 57 | 53% | 26 | 30% | 0 | % |
| 2024-2025 | 53 | 68% | 37 | 41% | 0 | % |

***2022-2023 оқу жылы*** бойынша 2022 жылғы 28 тамызы күнгі мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №32/2- н/қ бұйрығына сәйкес **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде** мектепте спорттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме және ақысыз үйірме берілген жетекшілер:

1. Оспанова А - «Әдебиет әлемі» (0,5)
2. Дүрбаев Б– «Волейбол” үйірмесі (0,5)
3. Абилова Ж - «Шебер қолдар» (ақысыз)
4. Қалиев Бекзат – «Күрес» (ақысыз)
5. Дүрбаев Берік - "Шахмат және дойбы" (ақысыз)
6. Жеңісова А – «Әдемі ай» би үйірмесі (ақысыз)

Мектеп білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -72%.

***2023-2024 оқу жылы*** бойынша 2023 жылғы 31 тамыз №45\2 н\қ **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде** мектепте спорттық-сауықтыру және тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме және ақысыз үйірме берілген жетекшілер:

1.1. Оспанова А. - «Әдебиет әлемі» (0,5)
1.2. Дүрбаев Б – «Волейбол» (0,5)
1.3. Нурекеш Н – «Шебер қолдар» (ақысыз)
1.4. Қалиев Б - «Күрес» (БДО)
1.5. Дүрбаев Б – «Қол күрес және гір» (ақысыз)
1.6. Жеңісова А – «Әдемі ай» би үйірмесі (ақысыз)

Мектепте барлығы: 57 оқушы бар. Олардың 31 қыз бала, 26 ұл бала.
Мектеп білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -87%.

***2024-2025 оқу жылы*** бойынша 2024 жылғы 28 тамыз №33\2 н\қ **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде** мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге (0,5) бірліктермен жүктеме және ақысыз үйірмелер берілген жетекшілер.:

1. Оспанова А - «Әдебиет әлемі» (0,5),
2. Нурекеш Н – «Шебер қолдар» (ақысыз),
3. Қалиев Бекзат – «Қол күрес» (БДО),
4. Жеңісова А - «Әдем ай» би үйірмесі (ақысыз),
5. Жұрымбаева Г – «Ұшқыр ой» дебат (0,5) ,
6. Қалиев Б – «Гир» (ақысыз),
7. Жеңісова А – «Үстел үсті теннис» (ақысыз) .

*Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым:*

Мектепішілік тәрбие бағытындағы үйірмеге қатысым: -46 бала-68%, қосымша білім алушылардың мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы: - 27 бала -41%

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында жүргізілген ВОЛЕЙБОЛ үйірмесі 2024-2025 оқу жылында жұмысы тоқтатылды.

*2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша спорттық, жарыстарға, байқауларға қатысу нәтижелері:*

| Үйірмелер, секция, клубтар | Аудандық | Облыстық | Республикалық | Халықаралық |
|---|---|---|---|---|
| Спорттық | 13 | 3 | 0 | - |
| байқаулар | 4 | 1 | 0 | 0 |
| БАРЛЫҒЫ | 17 | 4 | 0 | 0 |

«2022 - 2024 жылдардағы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1-ө өкіміне сәйкес2020-2021 оқу жылы бойынша «Балдәурен» жазғы мектеп лагерінде- 60 бала демалса, «Әсем» лагеріне 4 балаға жолдама беріліп, жазғы мектепке 49 білім алушы қатысқан.Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері 2021-2022 оқу жылында ата-аналар есебінен ұйымдастырылып, балалар ыстық тамақпен қамтылған. Күндізгі мектеп жанындағы лагерьде барлығы- 93 білім алушы, қала сыртындағы лагерьде 1 білім алушы-Алға ауданындағы «Күншуақ» лагерінде, атаулы әлеуметтік көмек алатын және аз қамтылған отбасынан 3-білім алушы, көп балалы отбасынан 4 білім алушы Ақтөбе қаласындағы «Шұғыла»лагерде дем алған. " Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламасының өлкетану бағыты бойынша Бурабай демалыс орнына 40 білім алушы, Хромтау ауданына қарасты Ойсылқара қорымына тарихи-этнографиялық кешеніне 20 білім алушы экскурсияға барған. Бөгетсай ауылдық округі құрамында болған Талдыбұлақ ауылына 20 білім алушы шатарлы лагерьде дем алған.2022-2023 оқу жылында мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагерінде барлығы -50 білім алушы, 1-жетім бала қала сыртындағы лагерінде дем алған .

**инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру.**

**2022-2023, 2023-2023, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі**

| Оқу жылдары | Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны | | Барлығы |
|---|---|---|---|
| | 1-4 кл | 5-9 кл | 5-9-кл |
| 2022-2023 оқу жылы | 0 | 1 | 1 |
| 2023-2024 оқу жылы | 0 | 1 | 1 |
| 2024-2025 оқу жылы | 0 | 1 | 1 |

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

**2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында барлығы 1 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде оқыту ұйымдастырылған.

1) «Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналды мемлекеттік мекемесі мен Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік тексеру комиссиясының №19158. 12.08.2022 ж. дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындыларымен 08.04.2010 жылы туған **5-класс оқушысы Серікбаева Құндыз арнайы бағдарламамен оқыту ұйымдастырылды.**

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)**, (9-қосымшасының 8-тарауы. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**) басшылыққа алып, жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

**<u>2023-2024 оқу жылы</u>**

2023-2024 оқу жылында барлығы 1 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде оқыту ұйымдастырылған.

1) «Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік тексеру комиссиясының №19158. 12.08.2022 ж. дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындыларда көрсетілген орташа ақыл-ой кемістігі және I деңгейдегі сөйлеу тілінің күрделі бұзыластары бар 08.04.2010 жылы туған **6-класс оқушысы Серікбаева Құндызға** ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша бейімделген бағдарламамен оқыту ұйымдастырылады. **Берілген ПМПК қорытындысы 2027 жылдың мамыр айына дейін жарамды.**

**<u>2024-2025 оқу жылы</u>**

2023-2024 оқу жылында барлығы 1 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде оқыту ұйымдастырылған.

1) «Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Ойыл аудандық ауруханасының жанындағы дәрігерлік тексеру комиссиясының №19158. 12.08.2022 ж. дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындыларда көрсетілген орташа ақыл-ой кемістігі және I деңгейдегі сөйлеу тілінің күрделі бұзыластары бар 08.04.2010 жылы туған **7-класс оқушысы Серікбаева Құндызға** ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша бейімделген бағдарламамен оқыту ұйымдастырылады. **Берілген ПМПК қорытындысы 2027 жылдың мамыр айына дейін жарамды.**

***Инклюзивтік білім беру туралы:***

